

Махамбет аудандық әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Атырау облысы Махамбет ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 20 сәуірдегі № 128 қаулысы

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 37-бабына, 2016 жылғы 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабына сәйкес, аудандық әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Махамбет аудандық әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын.
2. Осы қаулының көшірмесі Атырау облысы Әділет департаментіне жіберілсін.
3. Осы қаулының орындалысын бақылау аудан әкімі аппаратының басшысы Н. Қалиевқа жүктелсін.
4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі

Аудан әкімі

Ә. Нәутиев

Аудандық әкімдігінің 2016 жылғы "20" сәуір №
128 қаулысына қосымша

Махамбет аудандық әкімдігінің күші жойылды деп танылған қаулылары

1. Махамбет аудандық әкімдігінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 158 "Ауданда мүгедектерді, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 4-3-158 тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінде 2011 жылғы 23 маусымда жарияланған);
2. Махамбет аудандық әкімдігінің 2012 жылғы 7 желтоқсандағы № 465 "Аудан әкімдігінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 158 "Махамбет ауданындағы мүгедектер, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы" қаулысына өзгерістер енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 2657 тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінде 2012 жылғы 20 желтоқсанда жарияланған);
3. Махамбет аудандық әкімдігінің 2014 жылғы 3 желтоқсандағы № 613 "Махамбет ауданы бойынша нысаналы топтарға жататын адамдардың бұған қосымша тізбесін

белгілеу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3048 тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінде 2014 жылғы 25 желтоқсанда жарияланған);

4. Махамбет аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 19 ақпандағы № 106 "Махамбет ауданында қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру және қаржыландыру туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3117 тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінде 2015 жылғы 5 наурызда жарияланған);

5. Махамбет аудандық әкімдігінің 2015 жылғы 9 желтоқсандағы № 530 "Ауданда мүгедектерді, қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар үшін, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмыспен қамтуды ұйымдастыру үшін жұмыс орындарының квоталарын белгілеу туралы" аудан әкімдігінің 2011 жылғы 25 мамырдағы № 158 қаулысына өзгеріс енгізу туралы" қаулысы (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3403 тіркелген, "Жайық шұғыласы" газетінде 2015 жылғы 31 желтоқсанда жарияланған).